



КАЗАГРОФИНАНС

**«ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамының
(«ҚазАгроҚаржы» АҚ)**

**БІРІНШІ ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ШЕГІНДЕГІ
17 000 000 (ОН ЖЕТІ МИЛЛИОН) ДАНА МӨЛШЕРІНДЕГІ**

17 000 000 000 (он жеті миллиард) теңге сомасындағы

**ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУСІЗ
АТАУЛЫ КУПОНДЫҚ ОБЛИГАЦИЯЛАРЫНЫҢ**

**үшінші шығарылымының
АҢДАТПАСЫ**

Облигациялардың шығарылымын уәкілетті орган тарапынан мемлекеттік тіркеуден өткізу дегеніміз, аңдатпада сипатталған облигацияларды сатып алуға қатысты инвесторларға қандай да бір ұсыныстардың ұсынылуын білдірмейді. Облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуден өткізген уәкілетті орган, осы құжаттағы ақпараттың дұрыстығына жауапты болмайды. Облигациялардың шығарылым аңдатпасы, тек қана Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес қарастырылған. Эмитенттің лауазымды тұлғалары осы аңдатпадағы ақпараттың дұрыстығына жауапты болады және сонда көрсетілген барлық ақпараттың дұрыс екенін, эмитентке және оның облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылыстырмайтынын растайды.

Астана қ-сы, 2014

1. Осы облигациялар шығарылымы, «ҚазАгроҚаржы» Акционерлік Қоғамының (бұдан әрі «ҚазАгроҚаржы» АҚ, Эмитент) Бірінші облигациялық бағдарламасының аңдатпасына сәйкес жүзеге асырылады.
2. «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның облигациялық бағдарламасы туралы мәлімет:

Бірінші облигациялық бағдарламаның мемлекеттік тіркеуден өткізілген күні:	2006 жылғы 12 қазан (2006 жылғы 12 қазанда берілген бағалы қағаздардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы С28 куәлік)
Шығарылым жүзеге асырылатын облигациялық бағдарламаның ақшалай тұлғаланымындағы көлемі:	30 000 000 000 (отыз миллиард) теңге
Облигациялар шығарылымының реттік нөмірі:	облигациялық бағдарламаның шегіндегі 3 (үшінші) облигациялар шығарылымы

Облигациялық бағдарламаның шегіндегі алдыңғы облигациялар шығарылымы туралы мәлімет

Шығарылым нөмірі	Уәкілетті органда шығарылымның тіркелген күні	Облигациялардың саны	Атаулы құн бойынша шығарылым көлемі	Орналастырылған облигациялардың саны
1	2006 жылғы 12 қазан	3 000 000 (үш миллион) дана	3 000 000 000 (үш миллиард) теңге	3 000 000 (үш миллион) дана
2	2008 жылғы 19 желтоқсан	10 000 000 (он миллион) дана	10 000 000 000 (он миллиард) теңге	-

Облигациялық бағдарламаның шеңберінде бұрын шығарылған облигацияларға, оның ұстаушыларына ұсынылған құқықтар, соның ішінде шектеулерді (ковенант) бұзған кезде өткізілген және тұтынушылардың осы құқықтарын өткізу тәртібі көрсетілген, тұтынушылармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату туралы келісім-шарттарда қарастырылған құқықтар.

- Облигациялық бағдарламаның шеңберінде, оның ұстаушыларына бұрын шығарылған облигациялардан ұсынылатын құқықтар;
- Облигациялардың шығарылым аңдатпасында қарастырылған мерзімнің ішінде атаулы құнды алуға арналған құқық;
- Облигациялардың шығарылым аңдатпасында белгіленген мерзімнің ішінде облигациялар бойынша сыйақы алуға арналған құқық;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайда және тәртіпте өз талаптарын қанағаттандыруға арналған құқық;
- Облигацияларды иеліктен айыруға және оған өзге жолмен иелік етуге арналған құқық;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте ақпарат алуға арналған құқық;
- Облигацияларға арналған меншік құқығынан туындайтын өзге құқықтар.

Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуге қатысты ұстаушылардың талап қою құқығы қарастырылмаған. Эмитенттің шығарылған облигацияларының шеңберінде, облигациялар шығарылымы аңдатпасының шарттарына және ұстаушылармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату туралы келісім-шарттардың талаптарына сәйкес ұстаушылардың құқықтары бұзылмады.

3. Бірінші облигациялық бағдарламаның шегінде қамтамасыз етусіз облигациялардың үшінші шығарылымының құрылымы:

1.	Облигациялардың түрі:	Қамтамасыз етусіз атаулы купондық облигациялар
2.	Шығарылатын облигациялардың саны:	17 000 000 (он жеті миллион) дана
	Облигациялар шығарылымының жалпы көлемі:	17 000 000 000 (он жеті миллиард) теңге
3.	Бір облигацияның атаулы құны:	1 000 (бір мың) теңге
4.	Облигациялар бойынша сыйақы:	
	Сыйақы мөлшерлемесі:	Сыйақы (купон) мөлшерлемесі тиянақталған, облигациялар айналысының бүкіл мерзімі бойы – облигацияның атаулы құнынан жылдық 8% (сегіз пайыз).
	Сыйақы төлеу тәртібі мен шарттары:	Облигациялар бойынша сыйақының есептелуі, облигациялардың айналысы басталған күннен бастап жүзеге асырылады. Айналыстың басталатын күні – «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның (бұдан әрі – Биржа) бағалы қағаздардың ресми тізіміне облигациялар қосылған күн. Ресми тізімге қосылған күні туралы хабарлама, Биржаның ресми сайтында жарияланатын болады. Облигациялар бойынша сыйақы төлемақылары, өтеу мерзіміне дейін жыл сайын облигациялардың айналысы басталатын күннен бастап сәйкесінше әрбір алты айдан кейін жылына екі рет төленеді. Облигациялар бойынша купондық облигацияның төлемақысы, төлемақы төленетін кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күннен бастап 10 жұмыс күнінің ішінде облигация ұстаушыларының ағымдағы шоттарына ақша аудару арқылы теңгемен төленеді. Төлемақылар төленетін кезеңнің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша облигация ұстаушыларының тізілімінде тіркелген тұлғалар купондық сыйақыны алуға құқылы болып табылады. Төлеу күні төленетін купондық сыйақы, купондық сыйақының жартыжылдық мөлшерлемесіне қатысты атаулы құнның туындысы ретінде есептеледі. Үтірден кейінді таңбалардың саны және дөңгелектеу әдісі Биржаның ішкі құжаттарында белгіленеді. Қазақстан Республикасының бейрезиденттері инвесторлар болған жағдайда, оларда Қазақстан Республикасының аумағында банк шоты болған кезде купондық сыйақы теңгемен төленетін болады. Теңгенің өзге валютаға айырбасталуы, инвестордан тиісті сауал түскен кезде, осындай төлемақы төленетін күні Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде белгіленген бағам бойынша жүзеге асырыла алады. Теңгенің өзге валютаға айырбасталуы, инвестордың есебінен жүзеге асырылатын болады.
	Сыйақыны есептеуге қолданылатын уақыт кезеңі:	Облигациялар бойынша купондық сыйақы есебі, Биржаның ішкі ережелеріне сәйкес 360/30 (бір жылда 360 күн / бір айда 30 күн) уақыт базасы есебінен Эмитент тарапынан жүзеге асырылады.
	Индекстелген облигацияларды шығарған кезде есептеу тәртібі:	Облигациялар индекстелген болып табылмайды.
5.	Облигациялардың айналысы мен өтелуі туралы мәлімет:	
	Айналыс мерзімі:	Облигациялардың айналыс мерзімі – айналыс басталған күннен бастап 8,5 (сегіз жыл алты ай) жыл. Орналастырудың басталатын күні – айналыс басталған

		күннен бастап, айналыстың бүкіл мерзімі бойы.
	Облигациялардың айналысы	Облигациялар ұйымдастырылған нарықта айналыста болады.
	Облигацияларды өтеу шарттары мен тәсілі:	Облигациялар; төлемақылар төленетін кезеңнің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша облигация ұстаушыларының тізілімінде тіркелген облигация ұстаушыларының ағымдағы шоттарына ақша аудару арқылы, облигациялар айналысының соңғы күнінен кейінгі 10 жұмыс күнінің ішінде ақшасыз есеп айырысу арқылы соңғы купондық сыйақыны бір жолата төлеумен бірге облигациялардың атаулы құны бойынша теңгемен өтеледі. Қазақстан Республикасының бейрезиденті инвестор болған жағдайда, оның Қазақстан Республикасының аумағында банк шоты болған кезде негізгі қарыздың және соңғы купондық сыйақының сомалары теңгемен төленетін болады. Инвестордың Қазақстан Республикасының аумағындағы банк шоты болмаса, бұл жағдайда, теңгенің өзге валютаға айырбасталуы, инвестордан жазбаша түрдегі тиісті арыз түскен кезде, осындай төлемақы төленетін күні Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде белгіленген бағам бойынша жүзеге асырыла алады. Теңгенің өзге валютаға айырбасталуы, инвестордың есебінен жүзеге асырылатын болады.
	Облигациялардың өтелген күні:	Облигациялар, облигациялардың айналысы басталған күннен бастап 8,5 (сегіз жыл алты ай) жыл өткеннен кейін өтеледі.
	Облигациялар өтелетін орын:	Қазақстан Республикасы, 010011, Астана қ-сы, Кенесары к-сі, 51 үй, вп-4.
6.	Облигациялар бойынша қамтамасыз ету:	Бұл шығарылымдағы облигациялар қамтамасыз етілмеген болып табылады.
7.	Облигациялар ұстаушысының өкілі туралы мәлімет:	«Сентрас Секьюритиз» АҚ Лицензия № 0403200223, 13.06.2014 ж., Лицензия № 0401200886 от 22.09.2004 ж. Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік: № 62155-1910-АО, 02.09.2004 ж., Алматы қ. Әділет департаментімен берілген. Орналасқан мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Манас к-сі, 32А. Тел: +7 (727) 259-88-77, факс: +7 (727) 259-88-87, E-mail: mail@centras.kz Қызмет көрсетуге арналған 11 маусым 2014 жылғы №583 келісім шарт. Басқарма Төрағасы Камаров Т.К.
8.	Тіркеуші туралы мәлімет:	«Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» Акционерлік Қоғамы Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қ-сы, Абылай хан д-лы, 141 үй (Құрманғазы көшесінің бұрышы) Тел: +7 (727) 272 47 60, факс: +7 (727) 272 47 60, ішкі 230 Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімі жүйесін жүргізу жөніндегі қызмет көрсетуге арналған 01 қантар 2014 жылғы № 1238 келісім-шарт. Бірінші жетекші – Басқарма Төрағасы Жакупов К.Т.
9.	Облигацияларды орналастыруға қатысатын ұйымдар туралы мәлімет:	Эмитенттің облигацияларының үшінші шығарылымының андеррайтері – «АСЫЛ-ИНВЕСТ» Акционерлік Қоғамы болып табылады 15.03.2007 жылғы № 04032000645 лицензия.

		<p>Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік: № 79191-1910-АҚ, Алматы қаласы бойынша Әділет Департаменті тарапынан 18.07.2006 жылы берілген</p> <p>Орналасқан жері: 050013, Қазақстан Республикасы, Алматы қ-сы, Байтұрсынов к-сі, 132Б, 2 қабат</p> <p>Тел: +7 (727) 300 43 01, факс: +7 (727) 300 43 99,</p> <p>E-mail: info@asyl.kz</p> <p>Қызмет көрсетуге арналған 11 маусым 2014 жылғы №584 келісім шарт.</p> <p>Басқарма Төрағасы Балгинбеков Ғ.С.</p>
10.	<p>Қор биржасының ресми тізіміне облигацияларды қосу және осы тізімде облигациялардың болуы мәселелері бойынша сабағаттық қызмет көрсететін ұйым туралы мәлімет:</p>	<p>«АСЫЛ-ИНВЕСТ» Акционерлік Қоғамы</p> <p>15.03.2007 жылғы № 04032000645 лицензия.</p> <p>Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік: № 79191-1910-АҚ, Алматы қаласы бойынша Әділет Департаменті тарапынан 18.07.2006 жылы берілген</p> <p>Орналасқан жері: 050013, Қазақстан Республикасы, Алматы қ-сы, Байтұрсынов к-сі, 132Б, 2 қабат</p> <p>Тел: +7 (727) 300 43 01, факс: +7 (727) 300 43 99,</p> <p>E-mail: info@asyl.kz</p> <p>Қызмет көрсетуге арналған 11 маусым 2014 жылғы №584 келісім шарт.</p> <p>Басқарма Төрағасы Балгинбеков Ғ.С.</p>
11.	<p>Төлем агенті туралы мәлімет:</p>	<p>Төлем агенті қарастырылмаған. Купондық сыйақы мен атаулы құн, Эмитент тарапынан өз бетінше төленетін болады.</p>
12.	<p>Облигациялар ұстаушысының құқықтары:</p> <p>Эмитенттен облигацияларды сатып алуды талап ету құқығы:</p>	<p>Облигациялар ұстаушыларының құқықтары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - облигацияларды өтеген кезде атаулы құнды алу; - осы аңдатпада қарастырылған мерзімнің ішінде Эмитенттен купондық сыйақыны алу; - облигацияларды еркін түрде сату және өзге жолмен иеліктен айыру; - заңнамада және облигациялар шығарылымының аңдатпасында қарастырылған жағдайда және тәртіпте өз талаптарын қанағаттандыру; - белгіленген тәртіпке сай Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған ақпарат алу; - Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайда және тәртіпте Эмитентке қатысты өз талаптарын қанағаттандыру; - облигацияларды иелену, пайдалану және оларға иелік ету; - облигациялар ұстаушысы, осы аңдатпада қарастырылған жағдайларды қоспағанда, облигацияларды сатып алуды талап етуге құқылы емес. <p>Осы облигациялар шығарылымының аңдатпасында қарастырылған міндеттемелер мен шектеулерді (ковенанттарды) Эмитент ұстанған кезде, облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуді Эмитенттен талап етуге қатысты осы шығарылымның облигация ұстаушыларының құқығы қарастырылмаған.</p> <p>Эмитент осы облигациялар шығарылымының аңдатпасындағы «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Заңының 15 және 18-4 бабындарда қарастырылған жағдайларда, орналастырылған облигацияларды Эмитенттің сатып алу тәртібі» және «Эмитент тарапынан қабылданатын шектеулер (ковенанттар)» тармақтарында</p>

		қарастырылған шарттарды бұзатын болса, облигациялар ұстаушылары облигацияларды сатып алуды талап етуге құқылы болады.
13.	2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ «Құнды қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасы заңының 15 және 18-4 бабындарда қарастырылған жағдайларда Эмитенттің орналастырылған облигациялар өтеуін төлеп алу тәртібі:	<p>Орналастырылған облигациялардың өтеуін төлеп алуды Эмитент мына жағдайларда жүргізуге тиіс:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Эмитенттің Директорлар Кеңесі облигациялар делистингі туралы шешім қабылдаса; 2) тізілімі өкілетті органның нормативтік-құқықтық актілерімен және қор биржасының ішкі құжаттарымен анықталған ақпаратты қор биржасының беруіне байланысты бөлігіндегі арнайы (листингілік) талаптарды орындамау себебі бойынша қор биржасы Эмитент облигацияларының делистингі туралы шешім қабылдаса; 3) Эмитент облигация ұстаушылардың бұрынғы өкілімен жасасқан шартты бұзған және тоқтатқан күннен бастап отыз күнтізбелік күннен аспайтын мерзім ішінде облигация ұстаушылардың өкілімен шарт жасаспаған кезде. <p>Эмитент орналастырылған облигацияларды оның жинақталған сыйақысымен бірге номиналды құнына сәйкес бағамен, я болмаса шамасы ең жоғарғы болуына орай облигациялардың әділ нарықтық бағамен өтеуін төлеп алуға міндетті.</p> <p>Облигациялардың бүкіл айналым мерзімі ішінде осы облигацияларды шығару проспектімен белгіленген Эмитент келесі шарттарды сақтауға міндетті:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Эмитенттің активтер құрамына кіретін мүлікті иесіздендіру күніндегі эмитент активтерінің жалпы құнының жиырма бес пайызынан асатын сомаға иесіздендіру; 2) Эмитенттің облигациялар шығаруды мемлекеттік тіркеуден өткізген күні осы эмитент активтерінің жалпы құнының он пайызынан асатын облигациялар шығарылымына байланысты емес міндеттемелерді орындамау жағдайларына жол бермеу; 3) Эмитенттің негізгі қызмет түрлерін өзгертуді көздейтін Эмитенттің құрылтай құжаттарына өзгертулер енгізбеу; 4) ұйымдық-құқықтық нысанды; <p>Листингілік комиссияның ұйымдық нарықта айналдыру жоспарланған облигацияларды шығару проспектіне қосу бойынша ұсыныстарды, инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету үшін қажетті қосымша шектеулерді (ковенанттарды) өзгертпеу;</p> <ol style="list-style-type: none"> 5) Эмитент пен биржа арасында жасалған листингілік шартпен белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті беру мерзімдерін бұзбау; 6) Эмитент пен биржа арасында жасалған листингілік шартпен белгіленген жылдық қаржылық есептілік бойынша аудитордың есептерін беру мерзімдерін бұзбау, аудиторлық есепті беру мерзімдерінің бұзылу себебі аудиторлық компания кінәсінен болған кезден басқа жағдайда. <p>Жоғарыда көрсетілген ковенанттар бұзылған жағдайда, облигация ұстаушылар оларды өтеуін төлеп алуды талап етуге құқылы. Эмитент облигация ұстаушылардың талабы бойынша орналастырылған облигацияларды жинақталған сыйақысын ескере отырып номиналды құнымен өтеуін</p>

		төлеп алуға міндетті («Құнды қағаздар нарығы туралы» ҚР Заңы 3-бөлімінің 15-бабы 2-тармағын қараңыз).
14.	Облигацияларды сатып алу:	<p>Директорлар Кеңесінің шешімі бойынша Эмитент, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес облигациялар айналысының бүкіл мерзімі ішінде өз облигацияларын ұйымдастырылған нарықта сатып алуға және сатуға құқылы болады. Мәміленің мерзімі мен бағасы, мәміле жасалған сәтте қалыптасқан нарық шарттарына сүйене отырып белгіленеді. Ақша, сатушының шотына осы облигацияларды аудару арқылы ақшасыз нысанда төленеді және/немесе қайтарылады.</p> <p>Эмитент облигацияларды сатып алған кезде, өзге облигация ұстаушыларының құқықтары бұзылмауы тиіс.</p> <p>Сатып алынған облигациялар өтелген болып саналмайды және Эмитент тарапынан қайтадан орналастырыла алады.</p> <p>Облигация ұстаушысы, шектеулер (ковенанттар) және осы облигациялар шығарылымының аңдатпасындағы «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Заңының 15 және 18-4 бабындарда қарастырылған жағдайларда, орналастырылған облигацияларды Эмитенттің сатып алу тәртібі» тармақта қарастырылған шарттарды бұзылған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күнінің ішінде, өзіне тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтінішті Эмитенттің атына жіберуге құқылы болады. Облигация ұстаушысының өтініші, осындай өтініш келіп түскен күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күнінің ішінде Эмитент тарапынан қарастырылады.</p> <p>Эмитенттің Директорлар кеңесі облигацияларды сатып алу мерзімі мен тәртібі туралы тиісті шешімді қабылдағаннан кейінгі 30 (отыз) күнтізбелік күнінің ішінде Эмитент облигацияларды сатып алатын болады. Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімі, осындай шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде Эмитенттің корпоративтік сайтында (http://www.kaf.kz/) және/немесе Эмитенттің Жарғысында белгіленген бұқаралық ақпарат құралдарында ақпарат жариялау, сондай-ақ Биржаның ресми сайтында (http://www.kase.kz/) ақпарат жариялау арқылы облигация ұстаушыларының қаперіне жеткізілетін болады.</p> <p>Облигация ұстаушысы, барлық қажетті деректемелері көрсетілген ерікті нысандағы өтініш беруге тиіс болады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Заңды тұлға үшін: облигация ұстаушысының атауы; бизнес-сәйкестендірме нөмірі; мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің нөмірі, берілген күні және берген органы – болған кезде; заңды мекен-жайы және нақты орналасқан жері; телефондары; банк деректемелері; сатып алуға тиісті облигациялардың саны мен түрі; - Жеке тұлға үшін: облигация ұстаушысының аты, тегі және бар болса - әкесінің аты; жеке сәйкестендірме нөмірі; жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, берілген күні және берген органы; тұрғылықты жері; телефондары; банк деректемелері; сатып алуға тиісті облигациялардың саны мен түрі. <p>Облигацияларды сатып алу рәсімі, облигация</p>

		<p>ұстаушысынан міндеттемелерді орындау туралы жазбаша талап алынған күннен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күннің ішінде, облигация ұстаушыларының ағымдағы шоттарына атаулы құнды және жинақталған купондық сыйақыны аудару арқылы жүзеге асырылады.</p> <p>Шектеулерді (ковенанттарды) және осы облигациялар шығарылымының андатпасындағы «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Заңының 15 және 18-4 бабындарда қарастырылған жағдайларда, орналастырылған облигацияларды Эмитенттің сатып алу тәртібі» тармақта қарастырылған шарттарды бұзған жағдайда облигацияларды сатып алу рәсімі, облигация ұстаушыларынан берілген өтініштердің негізінде ғана жүзеге асырылады. Сатып алуға өтініш бермеген облигация ұстаушылары, осы облигациялар шығарылымының андатпасында көрсетілген осы шығарылымның айналыс мерзімі аяқталғаннан кейін өздеріне тиесілі облигацияларды өтеуге құқылы болады.</p>
15.	Дефолт жариялануы мүмкін оқиғалар:	<p>Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт дегеніміз – осы андатпада белгіленген сыйақыны және/немесе атаулы құнды төлеу мерзімі аяқталған күннен кейінгі күннен бастап 10 жұмыс күнінің ішінде облигациялар бойынша сыйақыны (купонды), атаулы құнды және/немесе соңғы купондық сыйақыны төлемеу немесе толық емес төлеу болып табылады. Осы мерзім өткеннен кейін Эмитент өз міндеттемелерін орындамайтын болса, облигация ұстаушыларының барлық құқықтары және олардың мүдделерін қорғау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын болады.</p> <p>Осы андатпада белгіленген мерзімнің ішінде облигациялар бойынша купондық сыйақы және/немесе негізгі қарыз Эмитенттің кінәсына орай төленбейтін немесе толық емес төленетін болса, онда Эмитент: ақша міндеттемесі немесе оның бөлігі орындалатын күні (яғни төлем енгізілетін кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күні) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде белгіленген қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесіне сүйене отырып есептелетін мерзімі кешіктірілген әрбір күн үшін – шығарылымның облигация ұстаушыларына өсімпұл төлейтін болады.</p> <p>Облигациялар бойынша дефолт туындаған кезде, инвестор Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес осы облигациялар бойынша қарыздың төленуін талап етуге құқылы болады.</p> <p>Эмитент, өзінің міндеттемелері бойынша дефолттарды болдырмау мақсатында, барлық қажетті іс-шараларды жүзеге асырады және барлық қажетті шараларды қолданады.</p> <p>Облигациялар бойынша дефолт туындаған кезде, Эмитент, дефолттың себептерін кетіруге бар күшін салады, соның ішінде келесі шараларды қолданады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) қалыптасқан жағдайда Эмитенттің өтімділігін тиімді түрде басқару және Эмитенттің міндеттемелерін одан әрі орындау үшін оның жеткілікті деңгейін қамтамасыз етуге байланысты іс-шараларды орындау бойынша шаралар; 2) туындаған жағдайда байланысты өзгеше шаралар. <p>Облигациялар бойынша дефолт туындаған кезде, Эмитенттің міндеттемелерін құрылымын өзгерту рәсімі, Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте және шарттарда жүзеге асырылатын болады.</p> <p>Эмитент еңсерілмес күш жағдайларының салдарынан осы андатпа бойынша өз міндеттемелерін толықтай немесе жартылай орындамағаны үшін жауапкершіліктен</p>

		<p>босатылады. Еңсерілмес күш жағдайлары дегеніміз – туындауы алдын-ала болжана алмаған немесе болдырпай алмаған жағдайлар болып түсініледі (табиғи апаттар, әскери амалдар және т.б.). Еңсерілмес күштің жағдайлары туындаған кезде, Эмитент осы аңдатпа бойынша өз міндеттемелердің орындайтын мерзімі – осындай жағдайлар мен олардың салдары әрекет еткен уақытқа пара-пар мерзімге жылжытылады.</p>
16.	Дефолт туындаған кезде Эмитент тарапынан қолданылатын шаралар:	<p>Эмитент, дефолттан шығудың қолайлы шешімін табу мақсатымен, облигация ұстаушыларының жалпы жиналысын өткізуге ынта білдіреді. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, тиісті орындау көлімі мен мерзімі көрсетілген, облигация ұстаушыларының алдында өз міндеттемелерін орындау бойынша іс-шаралар жоспары әзірленді.</p> <p>Дефолт туындаған кезде Эмитент тарапынан қолданылатын, Эмитенттің төлем қабілетін қалпына келтіруге және облигациялар бойынша берешекті өтеуге бағытталатын шараларға: қайта ұйымдастыру шаралары, ұйымдық-шаруашылық, басқарушылық, инвестициялық, қаржылық-экономикалық, құқықтық және Қазақстан Республикасының заңнамасына қарама-қайшы келмейтін өзге шаралар кіреді.</p>
17.	Міндеттемелердің құрылымын өзгерту тәртібі мен шарттары:	<p>Купондық сыйақыны және/немесе негізгі қарызды төлеу бөлігінде, бірінші облигациялық бағдарламаның шеңберінде, облигациялардың үшінші аңдатпасының шарттары бұзылған жағдайда, Эмитенттің міндеттемелерінің құрылымын өзгерту туралы шешім Директорлар Кеңесі тарапынан және қолданыстағы заңнамаға сәйкес несиесгерлердің келісімімен қабылданады. Соның ішінде облигациядан өз ұстаушысына ұсынылатын құқықтарды ескере отырып.</p> <p>Міндеттемелердің құрылымын өзгерту тәртібі мен шарттары, облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда, облигация ұстаушылары өкілдерінің міндетті түрде қатысуымен келіссөз жүргізу арқылы Эмитент пен облигация ұстаушылары арасында келісіледі.</p>
18.	Дефолт деректері туралы ақпаратты эмитент тарапынан облигация ұстаушыларының қаперіне жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілі:	<p>Облигациялардың осы шығарылымы бойынша міндеттемелерге байланысты дефолт туындаған жағдайда, Эмитент, облигациялар шығарылымының аңдатпасында белгіленген міндеттемелердің орындалатын күніне дейін кеш дегенде 3 (үш) жұмыс күні қалғанда бағалы қағаздардың аңдатпасында белгіленген қарыздық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелердің орындалмауы туралы облигация ұстаушыларына өзі хабарлауға міндетті. Эмитент Биржаның ресми сайтында (www.kase.kz), Эмитенттің ресми сайтында (www.kaf.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында (www.dfo.kz) хабарламаны жариялау арқылы көрсетілген мәліметтерді облигация ұстаушыларының қаперіне жеткізеді. Эмитенттің хабарламасында: дефолт деректері, соның ішінде орындалмаған міндеттемелердің көлемі, олардың себебі, облигация ұстаушылары өз талаптарын қанағаттандыру үшін жасаған ықтимал әрекеттердің тізімі, соған қоса Эмитентке талаппен жүгіну тәртібі, қалыптасқан жағдайды түзету үшін Эмитент тарапынан қолданылатын шаралар және орындалмаған міндеттемелердің өтелетін ықтимал мерзімі туралы ақпарат болуға тиіс.</p>

		<p>Инвестор, дефолт туындаған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күні өткеннен кейін, өзіне тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтінішті Эмитенттің атына жіберуге құқылы болады. Облигация ұстаушысының өтініші, осындай өтініш келіп түскен күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күнінің ішінде Эмитент тарапынан қарастырылады. Эмитенттің Директорлар кеңесі облигацияларды сатып алу мерзімі мен тәртібі туралы тиісті шешімді қабылдағаннан кейін Эмитент облигацияларды сатып алатын болады. Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімі, осындай шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде Биржаның ресми сайтында (www.kase.kz), Эмитенттің ресми сайтында (www.kaf.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында (www.dfo.kz) ақпарат жариялау арқылы облигация ұстаушыларының қаперіне жеткізілетін болады.</p>
19.	Эмитенттің облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу құқығы:	<p>Эмитенттің Директорлар Кеңесінің шешімімен, осы шығарылымдағы облигациялар, жүгінген күннен бастап 3 (үш) жыл өткеннен кейін, оларды мерзімінен бұрын жартылай немесе толықтай өтеу мақсатымен, жартылай немесе толықтай сатып алына алады. Облигацияларды мерзімінен бұрын жартылай немесе толықтай өтеу мақсатымен сатып алу рәсімі, сатып алынатын күні есептелген сыйақыны ескере отырып, атаулы құн бойынша жүзеге асырылады.</p> <p>Эмитент, облигацияларды сатып ала бастаудың ресми жарияланған күніне дейін кеш дегенде 30 (отыз) күнтізбелік күн қалғанда, облигацияларды сатып алғысы келетіндігі туралы ақпаратты инвесторларға хабарлайды. Облигацияларды сатып алу туралы хабарлама Биржаға жіберіледі және «Казахстанская правда» үнжариясында жарияланады.</p> <p>Инвесторлардың мерзімінен бұрын жартылай өтеуге жарияланған облигациялар көлемі Эмитенттің мерзімінен бұрын жартылай өтуге жарияланған көлемінен асып кететін болса, онда Эмитент, өтініштері ертерек түскен облигацияларды мерзімінен бұрын өтейді.</p> <p>Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу мақсатымен сатып алу рәсімі, мерзімінен бұрын сатып алу күніне дейін бір күн қалғанда, облигация ұстаушыларының тізілімінде тіркеуші тарапынан тіркелген мерзімінен бұрын өтелетін облигация ұстаушыларының шоттарына ақша аудару арқылы жүзеге асырылады.</p>
20.	Эмитенттің облигация ұстаушыларына өз қызметі және қаржы жағдайы туралы ақпарат беру тәртібі, осындай ақпараттың мазмұны, оның ашылатын тәртібі, мерзімі және тәсілі:	<p>Эмитенттің қызметі мен қаржылық жағдайы туралы ақпарат, соның ішінде Эмитенттің қаржы есептілігі жөніндегі аудиторлық есеп-қисаптар, шектеулердің (ковенантардың) орындалуы туралы ақпарат, Эмитент пен Биржа арасында жасалған мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарға листинг жасау туралы келісім-шартта көрсетілген мерзімге және тәртіпке сәйкес Эмитенттің ресми сайтында (www.kaf.kz), Биржаның ресми сайтында (www.kase.kz) және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған мерзімге және тәртіпке сәйкес Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми сайтында (www.dfo.kz) орналастырылатын болады және үнемі жаңартылып тұрады.</p>
21.	Облигацияларды орналастырудан	Облигацияларды орналастырудан түскен ақша, ауыл

	<p>түскен ақшаны пайдалану:</p>	<p>шаруашылығы техникасын сатып алуға және бұрын алынған қарыздарды өтеуге бағытталатын болады. Эмитент облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны бөлу тәртібіне өзгеріс енгізуді жоспарламайды. Облигацияларды орналастырудан түскен ақшаның жоспарлы бөлінуінде өзгерістер бола алатын жағдайлар туындайтын болса, Эмитент ҚР заңнамасында қарастырылған тәртіпте облигация шығарылымының аңдатпасына тиісті өзгерістерді және/немесе толықтырмаларды енгізетін болады.</p>
<p>22.</p>	<p>Эмитент тарапынан қолданылатын шектеулер (ковенанттар):</p>	<p>Облигациялардың шығарылым аңдатпасында белгіленген осы облигациялардың бүкіл әрекет ету мерзімі ішінде, Эмитент келесі шарттарды сақтауға тиісті болады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Эмитенттің активтерінің құрамына кіретін мүлікті, иеліктен айырылатын күні эмитенттің активтерінің жалпы құнының жиырма бес пайызынан аспайтын сомаға иеліктен айырмауға; 2) облигациялар шығарылымы мемлекеттік тіркеуден өткізілген күні осы эмитенттің активтерінің жалпы құнының он пайызға асатын Эмитенттің облигация шығарылымына байланысты емес болмаған міндеттемелердің орындалмауына жол бермеуге; 3) Эмитенттің негізгі қызмет түрлерінің өзгеруін қарастыратын Эмитенттің құрылтайшылық құжаттарына өзгеріс енгізбеуге; 4) ұйымдық-құқықтық нысанды өзгертпеуге; 5) Эмитент пен биржа арасында жасалған листинг келісім-шартында белгіленген жылдық және аралық қаржы есептілігін ұсыну мерзімін бұзбау; 6) Аудиторлық есеп-қисаптарды ұсыну мерзімдерінің бұзылу себебі аудиторлық компанияның кінәсі болған жағдайларды қоспағанда, Эмитент пен биржа арасында жасалған листинг келісім-шартында белгіленген Эмитенттің жылдық қаржы есептілігі бойынша аудиторлық есеп-қисапты ұсыну мерзімін бұзбау. 7) делистингке жол бермеуге. <p>Шектеулер (ковенанттар) бұзылған жағдайда, Эмитент осындай бұзылым орын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінің ішінде Эмитенттің ресми сайтында (www.kaf.kz), сондай-ақ бұзылымның туындауы, осы бұзылымның кетірілетін тәсілі мен мерзімі туралы ақпаратты «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ресми сайтында (www.kase.kz) ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы бұзылымның туындауы туралы ақпаратты облигация ұстаушыларының қаперіне жеткізеді. Эмитент Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында, белгіленген ковенанттардың бұзылуын туындатқан себептерін жою бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеп, Эмитенттің уәкілетті органының тиісті шешімімен бекітеді. Эмитент бір немесе бірнеше ковенанттың бұзылған күнінен бастап, 30 отыз) күнтізбелік күн ішінде, осы бұзушылықты туындатқан себептерді жою үшін барлық ықтимал шараны қолдануға міндетті.</p> <p>Жоғарыда көрсетілген ковенанттар бұзылған жағдайда, облигация ұстаушылары, олардан сатып алуды талап етуге құқылы. Эмитент, облигация ұстаушыларының</p>

		талабымен, жинақталған сыйақыны ескере отырып, облигациялардың атаулы құнына сай келетін баға бойынша орналастырылған облигацияларды сатып алуға міндетті болады («Бағалы қағаздар нарығы туралы» ҚР Заңының 3-тарауының 13-бабының 2-тармағын қараңыз).
23.	Опциондар туралы ақпарат:	Осы шығарылымдағы облигациялар бойынша опциондар қарастырылмаған.
24.	Айырбасталатын облигациялар:	Бұл шығарылымдағы облигациялар айырбасталмайды.
25.	Облигацияларды орналастыру тәсілі:	Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарығында облигациялардың орналастырылуы, сауда-саттықтың ішкі құжаттарына және ҚР заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын болады. Бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында облигациялардың орналастырылуы, жазылым арқылы жүзеге асырылатын болады.
26.	Облигацияларды орналастыру мерзімі мен тәртібі:	Облигация шығарылымы айналысының бүкіл әрекет ету мерзімінің ішінде.
27.	Жазылым арқылы акцияларға айырбасталатын облигацияларды орналастырған кезде айырбастау шарттары көрсетіледі:	Бұл шығарылымдағы облигациялар айырбасталуға тиіс емес.
28.	Облигациялардың төлем шарттары мен тәртібі:	Облигациялар ақшасыз нысанда ақшамен төленеді. Биржаның сауда алаңшасындағы мамандандырылған сауда-саттық арқылы облигацияларды орналастырған кезде, облигацияларға төленетін төлем ішкі ережелерге сәйкес жүзеге асырылады. Облигацияларды орналастыру рәсімі Биржаның сауда жүйесінде сауда-саттық өткізу арқылы іске асырылатын болады, ал облигацияларға төленетін төлем ішкі ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

Облигациялар өтелген сәтке дейін сыйақы төлеудің әрбір кезеңінің қимасында негізгі қарыз сомасын өтеуге және сыйақы төлеуге қажетті Эмитенттің ақша қаражатының көздері мен ағынына жасалған болжам келесі бетте келтірілген.

Облигациялардың үшінші шығарылымының атаулы құн бойынша өтелуі, Эмитенттің өзіндік қаражатының есебінен, соған қоса қызмет түрлерінен түсетін болашақ пайданың және амортизациялық аударымдар сомасының есебінен қамтамасыз етілетін болады. Эмитент; әрбір кезең бойынша түсімдердің сомасы, облигациялардың әрбір шығарылымының айналыс мерзімінің соңында купондарды және негізгі қарызды өтеуге жеткілікті болады деп санайды.

Басқарма Төрағасы




Рахимжанов Г.Т.



Бас бухгалтер



Шоданова Г.Т.




Кірістер мен Шығыстар туралы Есеп болжамы (мың теңге)

Атауы	2014 жыл		2015 жыл		2016 жыл		2017 жыл		2018 жыл		2019 жыл		2020 жыл		2021 жыл		2022 жыл		2023 жыл	
	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық
КІРІСТЕР	7 365 150	7 365 150	8 669 314	8 669 314	9 968 856	9 968 856	11 059 358	11 059 358	12 056 650	12 056 650	12 508 576	12 508 576	12 848 391	12 848 391	13 362 968	13 362 968	13 795 142	13 795 142	14 153 352	14 153 352
Сыйақы түріндегі кірістер, барлығы	7 364 665	7 364 665	8 669 314	8 669 314	9 968 856	9 968 856	11 059 358	11 059 358	12 056 650	12 056 650	12 508 576	12 508 576	12 848 391	12 848 391	13 362 968	13 362 968	13 795 142	13 795 142	14 153 352	14 153 352
Өзге кірістер	485	485	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
ШЫҒЫСТАР	6 658 719	6 658 719	7 813 760	7 813 760	8 854 791	8 854 791	9 928 546	9 928 546	10 928 686	10 928 686	11 316 486	11 316 486	11 447 745	11 447 745	11 879 222	11 879 222	12 272 743	12 272 743	12 549 433	12 549 433
Өткізілген өнімнің өзіндік құны	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Кезеңің шығындары, барлығы	6 658 719	6 658 719	7 813 760	7 813 760	8 854 791	8 854 791	9 928 546	9 928 546	10 928 686	10 928 686	11 316 486	11 316 486	11 447 745	11 447 745	11 879 222	11 879 222	12 272 743	12 272 743	12 549 433	12 549 433
Жалпы және әкімшілік шығындар	3 478 213	3 478 213	3 900 724	3 900 724	3 088 784	3 088 784	3 524 876	3 524 876	3 877 920	3 877 920	3 790 569	3 790 569	3 561 947	3 561 947	3 623 041	3 623 041	3 665 907	3 665 907	3 618 558	3 618 558
<i>соның ішінде: кумәнді талаптар бойынша резервтерді қуру бойынша шығындар</i>	<i>2 400 914</i>	<i>2 400 914</i>	<i>2 794 996</i>	<i>2 794 996</i>	<i>1 905 655</i>	<i>1 905 655</i>	<i>2 258 928</i>	<i>2 258 928</i>	<i>2 523 355</i>	<i>2 523 355</i>	<i>2 341 185</i>	<i>2 341 185</i>	<i>2 011 105</i>	<i>2 011 105</i>	<i>1 963 641</i>	<i>1 963 641</i>	<i>1 890 349</i>	<i>1 890 349</i>	<i>1 718 711</i>	<i>1 718 711</i>
<i>өзге әкімшілік шығындар</i>	<i>1 077 300</i>	<i>1 077 300</i>	<i>1 105 728</i>	<i>1 105 728</i>	<i>1 183 129</i>	<i>1 183 129</i>	<i>1 265 948</i>	<i>1 265 948</i>	<i>1 354 565</i>	<i>1 354 565</i>	<i>1 449 384</i>	<i>1 449 384</i>	<i>1 550 841</i>	<i>1 550 841</i>	<i>1 659 400</i>	<i>1 659 400</i>	<i>1 775 558</i>	<i>1 775 558</i>	<i>1 899 847</i>	<i>1 899 847</i>
Өткізу бойынша шығындар	675 599	675 599	722 891	722 891	773 493	773 493	827 638	827 638	885 573	885 573	947 563	947 563	1 013 892	1 013 892	1 084 865	1 084 865	1 160 805	1 160 805	1 242 061	1 242 061
Маркетинг және жарнама бойынша шығындар	38 414	38 414	41 103	41 103	43 980	43 980	47 058	47 058	50 353	50 353	53 877	53 877	57 649	57 649	61 684	61 684	66 002	66 002	70 622	70 622
Сыйақылар бойынша шығындар	2 466 493	2 466 493	3 149 042	3 149 042	4 948 534	4 948 534	5 528 973	5 528 973	6 114 841	6 114 841	6 524 476	6 524 476	6 814 258	6 814 258	7 109 632	7 109 632	7 380 029	7 380 029	7 618 191	7 618 191
САЛЫҚ САЛЫНҒАНҒА ДЕЙІНГІ КІРІСТ	706 431	706 431	855 554	855 554	1 114 065	1 114 065	1 130 812	1 130 812	1 127 965	1 127 965	1 192 090	1 192 090	1 400 645	1 400 645	1 483 746	1 483 746	1 522 399	1 522 399	1 603 919	1 603 919
КОРПОРАТИВТ ТАБЫС САЛЫҒЫ	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
ТАЗА КІРІС	706 431	706 431	855 554	855 554	1 114 065	1 114 065	1 130 812	1 130 812	1 127 965	1 127 965	1 192 090	1 192 090	1 400 645	1 400 645	1 483 746	1 483 746	1 522 399	1 522 399	1 603 919	1 603 919

Ақша Қаражатының Қозғалысы туралы Есеп Болжамы (мың теңге) (жалғасы)

Көрсеткіштердің атауы	2014 жыл		2015 жыл		2016 жыл		2017 жыл		2018 жыл		2019 жыл		2020 жыл		2021 жыл		2022 жыл		2023 жыл	
	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық
III. ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТПЕН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТАРДЫҢ ЖЫЛЖУЫ																				
1. Ақшалай қаражаттардың келіп түсуі, барлығы	30 779 567	30 779 567	28 348 632	28 348 632	23 726 464	23 726 464	26 033 013	26 033 013	26 096 643	26 096 643	23 894 693	23 894 693	24 538 743	24 538 743	24 763 493	24 763 493	24 763 493	24 763 493	24 763 493	24 763 493
соның ішінде:																				
акциялар мен өзге қаржы құралдарының эмиссиялары	-	-	10 545 650	10 545 650	9 115 964	9 115 964	9 628 863	9 628 863	9 763 493	9 763 493	9 763 493	9 763 493	9 763 493	9 763 493	9 763 493	9 763 493	9 763 493	9 763 493	9 763 493	9 763 493
қарыз алу	22 279 567	22 279 567	17 802 982	17 802 982	14 610 500	14 610 500	16 404 150	16 404 150	16 333 150	16 333 150	14 131 200	14 131 200	14 775 250	14 775 250	15 000 000	15 000 000	15 000 000	15 000 000	15 000 000	15 000 000
облигация шығарудан түсімдер	8 500 000	8 500 000	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
2. Ақшалай қаражаттардың шығысы, барлығы	15 443 566	15 443 566	8 235 737	8 235 737	12 082 026	12 082 026	12 633 603	12 633 603	13 260 202	13 260 202	13 778 543	13 778 543	13 941 555	13 941 555	14 250 081	14 250 081	14 498 809	14 498 809	23 195 716	6 195 716
соның ішінде:																				
қарыздарды өтеу	14 692 146	14 692 146	7 882 521	7 882 521	11 654 249	11 654 249	12 076 571	12 076 571	12 694 796	12 694 796	13 214 561	13 214 561	13 345 510	13 345 510	13 549 758	13 549 758	13 756 936	13 756 936	5 434 516	5 434 516
облигацияларды өтеу	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	17 000 000
үлесакылар төлеу	751 421	751 421	353 215	353 215	427 777	427 777	557 032	557 032	565 406	565 406	563 982	563 982	596 045	596 045	700 323	700 323	741 873	741 873	761 200	761 200
3. Қаржы қызметінен ақшалай қаражаттардың таза сомасы	15 336 001	15 336 001	20 112 896	20 112 896	11 644 438	11 644 438	13 399 410	13 399 410	12 836 440	12 836 440	10 116 149	10 116 149	10 597 188	10 597 188	10 513 412	10 513 412	10 264 684	10 264 684	1 567 777	18 567 777
Ақшалай қаражаттарды артты +/- азайту	(3 659 114)	(3 659 114)	477 649	477 649	(357 797)	(357 797)	376 951	376 951	(468 822)	(468 822)	5 659	5 659	793 137	793 137	1 327 659	1 327 659	1 696 950	1 696 950	(6 459 170)	10 540 830
Ақшалай қаражаттар және есеп беру кезеңінің басындағы олардың баламалары	9 315 689	5 656 575	1 997 461	2 475 110	2 952 759	2 594 963	2 237 166	2 614 117	2 991 068	2 522 246	2 053 424	2 059 083	2 064 742	2 857 879	3 651 016	4 978 676	6 306 335	8 003 285	9 700 235	3 241 065
Ақшалай қаражаттар және есеп беру кезеңінің соңындағы олардың баламалары	5 656 575	1 997 461	2 475 110	2 952 759	2 594 963	2 237 166	2 614 117	2 991 068	2 522 246	2 053 424	2 059 083	2 064 742	2 857 879	3 651 016	4 978 676	6 306 335	8 003 285	9 700 235	3 241 065	13 781 895



ПРОШЛИТО И ПРОНУМЕРОВАНО
 210 (вместе с делом) листов

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғарыш Орталығы» АҚ
 Республикалық мемлекеттік мекемесі

ТІРКЕДІ

20 ж. « 08 шілде »